Жаңасемей ауданы Шаған кентінің шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Абай облысы Жаңасемей ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 наурыздағы № 68 бірлескен қаулысы және Жаңасемей ауданы мәслихатының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 16/145-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 19 мамырда № 452-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Заңының 12-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Жаңасемей ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жаңасемей ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жаңасемей ауданы Шаған кентінің жалпы алаңы 3547,3531 гектар шекарасы (шегі) осы бірлескен қаулы мен шешімнің 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңасемей ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Самат

Жаңасемей аудандық мәслихатының төрағасы

Е. Абильмажинов

2025 жылғы 27 наурыздағы
№ 68 бірлескен әкімдік қаулысы
мен
Жаңасемей аудандық мәслихаты
2025 жылғы 27 наурыздағы
№ 16/145-VIII мәслихат
шешіміне 1-қосымша

Жаңасемей ауданы Шаған кентінің шекарасы (шегі)

			Оның ішінде (гектар):									
				Оның ішінде (гектар):								
	Елді	Жалпы	ауыл шаруа-шылығ	егіс тік	Т ы ңай-ға н жер		бақ ша	О р ман-ды	ка нал	алаң дар мен аула лар дың, көше лер, жол	құры лыс	

№	мекен н і ң атауы	көлемі (гектар)	ы алқап-тары			Жайы лым-дар		а л қап-тар	асты жер лер	асты жер лер	асты жер лер	басқа алқап тар
1	Шаған кенті	3547,3 531	3447,0 531	-	-	3447,0 531	-	-	-	9,2	84,1	7,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК